



**Автотұрақтар (паркингтер) санатын белгілеу, автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жер учаскелеріне салынатын салық ставкаларын ұлғайтуы туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 3 қазандағы № С-11/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 қарашада № 3484 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № С-9/8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 18.04.2017 № С-9/8 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы 381 бабына, 386 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Көкшетау қаласында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық ставкаларының мөлшері 2 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.

2. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалары қолданылатын Көкшетау қаласы жақын жатқан елді мекені болып белгіленсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бесінші шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының 11 кезектен  
тыс сессияның төрағасы*

*Ж.Әміржанов*

*Бесінші шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Бегалин*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Көкшетау қаласының әкімі*

*М.Батырханов*

"Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігінің  
Ақмола облысы бойынша  
Салық Комитетінің  
Көкшетау қаласы бойынша  
Салық Департаментінің  
Салық Басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

Б.Шәйкенов

Көкшетау қалалық  
мәслихатының 2012 жылғы 3 қазандағы  
№ С-11/7 шешіміне 1 қосымша

## **Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары**

№ р/р	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Санаттар
1	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

Көкшетау қалалық  
мәслихатының 2012 жылғы 3 қазандағы  
№ С-11/7 шешіміне 2 қосымша

## **Көкшетау қаласында автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық ставкаларының мөлшері**

№ р /р	Автотұрақтардың ( паркингтердің) санаттары	( Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық ставкаларының мөлшері	Базалық ставканың ұлғаюы
1	1 санат	5,79	он есе
2	2 санат	5,79	он есе